

Осы жолдау, Қазақстанның қаржы саласында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар мен бекітілген міндеттеме, мақсаттардың негізін аша түсті. 2007 жылы басталған әлемдік дағдарыстың толқыны әлі күнге дейін жалғасып келеді. Дағдарыстың алдын алу және қаржылық қиындықтарды бәсеңдету мақсатында Қазақстан Республикасында қабылданған қаржы секторын дамыту концепциясы қызмет етуде.

Қазіргі орын алған қаржылық дағдарыстың басты ерекшелігі – оның әлемдік жетекші қаржы жүйесінде туындауы және сол қаржы жүйесінің аталған дағдарыспен күресуге қабілетсіз болуы. Қазіргі таңда әлемнің ең ірі, алпауыт елдерінің өзі қомақты қаржылық және өндірістік тоқырауларды бастан кешіп жатқаны белгілі. Сонымен қатар жүз мыңдаған адамдар жұмыссыз қалып, банктер таңдау жасап, көптеген шарушылық орталықтары жабылуда. Дағдарыстың қауіпті әсерлерінен банктеріміз шет қалмаса да, дағдарыстың соққыларына қарсы төтеуге лайықты екенін де байқатып үлгерді.

Қазақстан дайындаған қаржы секторын дамыту концепциясы бәсекеге қабілетті қаржы және банк секторын қалыптастыру мен экономикада ресурстарды қайта бөлу тиімділігін арттыруда озық халықаралық стандарттар мен экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына сәйкес келуін талап етеді.

Қаржы секторын дамыту тұжырымдамасы келесі міндеттердің орындалуын белгілейді:

- әлеуетті қиындықтар туындаған кезде, қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қоғам мен мемлекет шығындарын төмендету;

- экономикалық интеграция мен жаһандану жағдайында тиімділікті арттыру;

- қаржы жүйесін сапалы дамыту үшін инфрақұрылымды жетілдіру және өтімді шарттар қалыптастыру;

- экономикадағы тұтынуға жауап беретін қаржылық өнімдер есебінен де қаржы секторын молайтушы ресурстарды кеңейту;

- теңгерімді экономикалық шарттарды қолдау және экономикадағы несие тәуекелділігін төмендету [1].

Аталған іс шараларды жүзеге асыруда банк қызметін дағдарысқа қарсы басқаруды реттеу жолдарын анықтаудың өзектілігі жоғары. Өйткені аталған мәселе, соңғы он жыл көлемінде қаржы нарықтарын жаһандандыру мен қаржы-банк саласындағы тұрақсыздықтың артуымен байланысты туындап отыр. Сарапшылардың пікірінше, соңғы 40 жыл көлемінде банктік дағдарыстар шамамен

120 рет орын алған. Бұл банк саласында дағдарыстық жағдайлардың интенсивті есуінің дәлелі.

Дағдарыс қазіргі экономика үшін объективті шындық бола тұра, толықтай жойылуы мүмкін емес құбылыс болып отыр. Қазақстан банктеріндегі дағдарыстың әсерін жеңілдету үшін қадағалаушы органдар мен банк менеджментінің қызметін жандандыру қажет [2].

Күні кешеге дейін, екінші деңгейдегі банктердің қызметін жеке элементтері тұрғысынан банк жүйесінің тұрақтылығын талдау қажет болатын. Бүгінгі күні макроэкономикалық шарттар мен тәуекелділіктерді ескеру қажеттілігі туындады. Өйткені, ұлттық экономиканы басқару үшін жекелеген елдердің үкіметтері әлемдік тәжірибеден негізінен екі үлгіні қолданады. Олардың біріншісі - басқарудың монетарлық үлгісі, ал екіншісі - өндірістік үдерістер технология-сымен басқару үлгісі. Аталған үлгілер бір экономикалық жүйенің екі жағы тәрізді, экономиканы басқарудың өзара толықты-рушы құралдары болып табылады. Кезінде олардың арасындағы байланыстар өндірістің капиталистік және социалистік тәсілдері дамудың идеологиялық себептері бойынша ажырап қалған болатын, бүгінгі күні банк саласы сыяқты, экономиканың барлық сала-сында да ұштасқан екі үлгісінің арасындағы ажырап қалған байланысты қалпына келтіру арқылы қолайлы экономикалық басқарудың сапалы жаңа технологиясы құрылуда [2].

2007-2010 жылдардағы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс банктік реттеу мен дағдарысқа қарсы басқаруды банктік қызмет ретінде қарастыруға жаңа серпін берген болатын. Банктік қызметте дағдарысқа қарсы басқару дағдарысты жоюды ғана емес, дағдарыс әсерін төмендетіп, қызмет жасап тұрған банктік жүйедегі микро және макро-экономикалық деңгейдегі тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік берді. Соңғы жылдары жүйелі талдауға ден қойылып келеді, ел банктері микропруденциалды талдаудан макропруденциалды талдауға ауысып келеді.

2004-2007 жылдары қаржы секторы сыртқы нарықтан 40 млрд. АҚШ долларын тартқан. Сөйтіп, кейін қаржылық дағдарысқа тап болған кезде ол қаржы банктердің өздеріне кері қайтпай қалған болатын.

Үкіметтің 2015 жылғы 11 ақпандағы кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Ұлттық Банкке Үкіметпен бірлесіп ипотекалық қарыз алушылардың проблемаларын шешу жөнінде шаралар кешенін әзірлеуді тапсырды. Президенттің тапсырмасына сәйкес, Ұлттық Банк ипотекалық қарыз алушылардың проблемаларын шешу үшін 130 млрд. теңге

бөлу туралы шешім қабылдады. Осылайша, проблеманың өзектілігі біртіндеп азая бастады. Бұл қаражат Проблемалық несиелер қорын қоса капиталдандыруға жұмсалды. Қор, өз кезегінде, депозиттерді жылдық 2,99% сыйақы мөлшерлемесімен 20 жыл мерзімге екінші деңгейдегі банктерге орналастырды. Алайда, банктердің бүкіл несиелер портфеліндегі түйінді несиелер (NPL) – 33 пайыз, соңғы жылдары банктер қаржы көзі ретінде қазақстандық заңды, жеке тұлғалар, әртүрлі қорлардың депозиттерін тарта бастады.

Мемлекет тарапынан соңғы жылдары мемлекеттің маңызды салаларына жақсы қолдау көрсетілуде, сондай салалардың бірі – ауылшаруашылық саласы.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында несиелер беруді дамытуды мемлекеттік реттеу бюджеттік несиелер беру не мамандандырылған ұйымдардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға қатысу арқылы жүргізілуде. Агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында несиелер беруді дамыту үшін, келесі бағыттар қарастырылған:

1) ауыл шаруашылығы өндірісінің инфрақұрылымын құру және дамыту;

2) ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтарының, балық шаруашылығына арналған жабдықтардың және аулау құралдарының лизингін жүргізу;

3) сатып алу және тауар интервенцияларын жүргізу;

4) ауылдық жерлердегі кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлеріне несиелер беру;

5) ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу, өндіру, қайта өңдеу және өткізу, сондай ақ жасанды түрде балық өсіру және балық өнімін өңдеу;

6) ауыл халқына микронесие беруді ұйымдастыру бағыттары бойынша жүргізу қолға алынуда [3].

Агробизнесі тұрақты жүргізу үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне (ауыл шаруашылығы техникаларының лизингін қоса алғанда) негізгі құралдарды сатып алуға және айналымдағы қаражатын толықтыруға қаражат қажет, олар негізінен қаржы институттарының қарыз қаражаты есебінен тартылады. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігінен (табиғат жағдайларына тәуелділік, экономиканың басқа салаларымен салыстырғандағы төмен өнімділік және рентабельділік) қаржы институттары ауыл шару-

ашылығы өнімін өндірушілерге жоғары сыйақы мөлшерлемелерімен қысқа мерзімді несиелер береді.

Нәтижесінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілері негізгі және айналым қаражатты толықтыруға арналған несиелер бойынша жоғары сыйақы төлейді, бұл өнім бірлігін өндірудің өзіндік құнының артуына әкеліп соқтырады және оның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін қаржылық жүктемені төмендету проблемасын шешу мақсатында агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне (соның ішінде дәнді, майлы және бұршақты дақылдар өндірумен айналысатын) берілген лизинг пен несиелер бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау көзделетін болады (кесте).

Агрокешенге арналған несиелер мен субсидияларды жеке және заңды тұлғаларға микронесиелеу ұйымдары «Қазпошта» АҚ-ның өндірістік объектілері арқылы орналастыратын болды. 2015 жылы Микронесиелеу ұйымдары жеке және заңды тұлғаларға 69,7 млрд. теңге көлемінде несиелер ұсынған, бұл банктермен қатар Қазақстандағы микронесиелеу ұйымдарының жанданып келе жатқанын көрсетеді (сурет) [4].

Кәсіпкерлікті несиелеу бойынша 2015 жыл бойында қалыпты несиелеу деңгейі сақталды. 2015 жылдың II тоқсанында тоқсандық өсім 2% болса, III тоқсанында 2% кему сатысын көрсетті, ал соңғы тоқсанда несиелеу сұраныс артып 62% өсім құраған.

Мұндай өсімнің болуы шағын және орта бизнесті, экономиканы дамыту бойынша мемлекеттен жасалған бағдарламалар мен мемлекет тарапынан жасалған қаржылық қолдау есебінен жүріп жатыр.

2015 жылы Ұлттық банктің деректері бойынша, экономикаға берілген несиелердің көлемі 4,7% - ға өсіп, 12,7 трлн. теңге құрады. Заңды тұлғаларды несиелеу 5,2% - ға өсіп, 8,5 трлн. теңгеге жетсе, жеке тұлғаларды несиелеу 3,7% өсіп, 4,2 трлн. теңге құраған. Жалпы көлемнен әр саланың үлестері бойынша саудаға - 20,9%, өнеркәсіпке - 13,3%, ауыл шаруашылығына - 5,3% және транспортқа - 5,0% берілген.

Микронесиелеу ұйымдарымен шағын кәсіпкерлікке берілген несиелердің ішінде жеке кәсіпкерлердің бизнес мақсаттарына берілген несиелер екінші жыл қатарынан өсу қарқынына ие – 23% және 9% [4].

Ұлттық банк өзінің ақша-несиелер саясатын жылда халыққа жария етеді. Бізде ақша саясаты жақсы болғанымен, несиелер саясатының сапасы төмен. Бүгінде көп адамның несиелесіз өмір сүруі мүмкін болмай қалды, өйткені ха-


Экономический механизм хозяйствования

лықтың тұрмыс деңгейі төмен. Егер халықтың қолында қаражаты бар болса, несиелер үшін банктерге бармас еді. Халықтың төмен жағдайын білетін банктер әр түрлі ашық және жасырын төлемдерді қоя отырып, төлем қабілеті нашар клиенттің жағдайын одан әрі

қиындатып отыр. Екінші деңгейлі банктердегі нашар несиелер саясаты мен несиелерді басқарудың өтімсіздігі банк сала-сындағы ахуал мен қоса экономикалық дамудың тежелуіне және де әлеуметтік тұрақсыздыққа әкеліп отыр.

Кесте. Несиелер мен лизингтің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы 2013-2020 жылдарға арналған көрсеткіштер

P/c №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Лизингті қоса алғанда, сыйақы ставкаларын субсидиялау есебінен АӨК субъектілеріне берілген несиелер сомасы, млрд. теңге	100	326,6	457,3	600,3	747,2	886,8	951,0	1 020,9
2	ЕДБ-ні, микронесиелік ұйымдарды және несиелік серіктестіктерді қорландыру есебінен АӨК субъектілері алған несиелер сомасы, млрд. теңге	3	5	8	12	14	16	18	20
3	Ауыл шаруашылығы техникасының жалпы паркіндегі жаңартылған ауыл шаруашылығы техникасының үлесі, %, оның ішінде:								
	5-8 тартым сыныбының тракторлары	-	49,9	47,0	44,4	42,0	39,8	37,8	36,0
	3 және төмен тартым сыныбының тракторлары	-	55,8	51,0	47,0	43,1	39,7	36,6	33,9
	астық жинау комбайндары	-	56,6	52,2	48,4	44,8	41,6	38,7	36,1
	егу кешендері және сепкіштер	-	48,7	44,8	41,6	38,4	35,6	33,1	30,9
Дерек көзі: Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы									



Сурет. Шағын кәсіпкерлікті микронесиелеу серпіні, 2011-2015 жж.

Сыртқы нарықтан тартылатын қарыздарға есік жабық. Қазір банктердің мойнындағы жүк секілді не өз портфельін тазарта алмайды, не экономиканы несиелеуге мүмкіндік бермейді. Мұндай жағдайда банктер, мойнындағы қарызды кешіре де алмайды, дұрыстап жұмыс істей де алмайды. Сол себепті, ҚР Ұлттық банкі осы қарыздарды кешіруді 2 түрлі бағытта жүзеге асыруда, бірінші кезекте, аса ауқымды банктердің түйткілді несиелерін азайтуға көңіл бөлінсе, қалған кішігірім банктерге салықтық жеңілдіктер ұсынылады.

ҚР Ұлттық банкі 2016 жылдан бастап, несие мәселесі портфельдің 10 пайыздан аспауы керек деген талап қойылса, 2020 жылға таман несие мәселесі портфельдің 5 пайызынан артпауы тиіс деген мақсат қоюда. Мысалы, Оңтүстік Кореяда мәселелі несиелерден банктерді 12 айдың ішінде тазартқан, ал келесі жылы тікелей шетел инвестициясының ауқымын арттырған. Қазақстанға да осындай елдердің тәжірибесінен сабақ алатын уақыт әлде қашан жетті [5].

Қазақстанда 2014 жылғы қыркүйекке қатысты деректер бойынша, ипотекалық несиенің сомасы 5 млрд АҚШ долларынан асады, ал қарыз алған азаматтардың саны 200 мыңға жуық, оның ішінде 30 мың клиент қарызын қайтаруды 90 күннен әрі қарай кешіктіріп қайтара алмай отыр.

2015 жылдан бастап жаңа салықтық режим жүзге асырыла бастағаны бәрімізге мәлім, бұл оларға арналған жеңілдік. Ал екінші жағынан, банктерге «қамшы» секілді әсер ететін талапта енгізілмекші. 2016 жылдан бастап, өз портфельіндегі қайтпаған қарызды азайтпаған банктерге қатысты пруденциалдық-нормативтер қарастырылуда, демек, банктер де лицензиясынан айыра-тындай, менеджментін өзгертетіндей жағдайға жететін болады.

Жалпы, бұл экономиканың әрі қарай сауығыуына, елге келетін инвестицияның ауқымын арттыруға, жалпы экономиканың дұрыс тыныстауына ықпал ететін іс болып саналады [6].

Банктерді дағдарысқа қарсы реттеу қызметтерін бірнеше элементтерден құралған блок ретінде қарастыруға болады.

Бірінші кезекте, әдістемелік блок қарастырылады, мұнда жекелеген банктер мен банк жүйесінің қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін жақсартумен байланысты банк қызметін дағдарысқа қарсы реттеудің негізгі қағидалары, объектілері мен мақсат, міндеттері қарастырылады.

Екінші кезекте, құрылымдық блок ұсынылады мұнда, банк қызметін дағдарысқа

қарсы басқарудың негізгі қағидалары және банктік реттеу органдарының банк пен банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз ететін функциялары қарастырылады.

Үшінші кезекте, құралдар блогы, ол банктік қызметті дағдарысқа қарсы реттеу, ақшанесиелік реттеу, дәстүрлі банктік реттеу құралдарын, олардың тәсілдері мен әдістерін ұсынады.

Төртінші кезекте, институционалды блок банктер, орталық банктер, қадағалаушы органдарды қарастыра отырып, банк қызметін дағдарысқа қарсы басқарудың субъектілерін біріктіреді.

Мемлекетіміздің қаржылық және экономикалық әлеуетін терең талдаған президент Еуразиялық Экономикалық Одаққа кіру қажеттілігін кең бағалады. Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения мен Қырғызстан елдерінің қатарында 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Еуроазиялық экономикалық одақ туралы жасалған келісім негізінде қызмет етіп жатыр.

Бұл жалғыз Қазақстанның ғана емес, бүкіл Еуроазияның тарихындағы тұңғыш ерікті, өзара тиімді экономикалық бірлестік болып табылады және Қазақстанның қаржы секторының қызметін жандандыруда банк секторының рөлін арттыруға да негіз болып табылады деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Жунусова Р.М., Жусупова А.К., Утибаева Г.Б. Сравнительный анализ прогнозных показателей республиканского бюджета на 2014-2016 годы // Вестник науки КАТУ им. С. Сейфуллина.- 2014.- №2.- С. 115-123.

2 Laven F. Valencia Systemic banking crises a new database / IMF Working paper WP, 2008.- P. 5.

3 Жунусова Р.М., Жусупова А.К., Утибаева Г.Б. Формирование республиканского бюджета и финансирование сельского хозяйства // Проблемы агорынка.- 2015.- №1.- С. 36-43.

4 ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Қ. Келіметовтің сұхбаты // Zhas Қазақ газеті, 2014 жылғы 18 қыркүйек

5 Кучукова Н. Инвестиционный климат Казахстана: состояние, оценка и развитие //Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. - № 3 (Ч. 4).- С. 654-660.

6 Акимбекова Ш.У., Бакирбекова А.М. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының инвестициялық белсенділігін арттыру жолдары // Проблемы агорынка.- 2015. - №4. - С.11-17.

